



ҚР БСИ-ның 1995 жылғы 27 маусымдағы N 34 "Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" Нұсқаулығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті 1997 жылғы 23 қаңтар N 14-1-17. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 3 наурызда тіркелді. Тіркеу N 36. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

18. "Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 27 маусымдағы N 34 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің 1997 жылғы 23 қаңтардағы N 14-1-17 V970036_ бұйрығы. -----

Салық заңдарын жетілдіру мақсатында және "Қазақстан Республикасы Президентінің Z952235_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 желтоқсандағы Заңына
с ә й к е с

б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясының N 34 V950075_ "Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" Нұсқаулығына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің бұйрығына 3 беттік
N 1 қосымша қоса тіркеледі.

Төраға
Салық қызметінің 1 дәрежелі
мемлекеттік кеңесшісі

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік салық комитетінің
1997 ж. _____ бұйрығына
N 1 қосымша

"Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы"
1995 жылғы 27 маусымдағы 34 Нұсқаулығына
толықтыру мен өзгеріс

1. V950075_ "Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 34
Нұсқаулықтың кіріспесі Z952235_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да
міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар
Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы "1996 жылғы 31
желтоқсандағы 60-1 Заңы" сөзімен толықтырылсын:

2. "Жалпы ережелер" тарауы мынадай редакцияда жазылсын:

U952717_ "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы
22 желтоқсандағы N 2717 Заң күші бар Жарлығының 8 бабына сәйкес жерді
иелену және жерді пайдалану төлемді болып табылады, бұл жерге мемлекеттік
меншікті жүзеге асырудың экономикалық нысанын ұстанады егер де өзгесі
з а ң м е н к ө з д е л м е с е .

Жерге төлем жер учаскесінің сапасына, орналасуына және сумен

камтамасыз етілуіне байланысты анықталып жер салығы немесе жалға алу
төлемі нысанында алынады.

3. 5 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсатты пайдалануға байланысты Қазақстан Республикасындағы

барлық жерлер мынадай топтарға бөлінеді:

- ауылшаруашылық мақсаттағы жерлер;
- тұрғын пункттердің /қалалардың, поселкелердің және селолық тұрғын пункттердің/ жерлері;
- өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге ауылшаруашылық емес мақсаттағы жерлер;
- ерекше қорғалатын табиғат аумағының жерлері;
- орман қорының жерлері;
- су қорының жерлері;
- запастағы жерлер.

4. IV тарау 9 тармақ мынадай мағынадағы абзацпен толықтырылсын:

"108, 112 және 114 баптар (сәйкес N 2, N 3 және N 4 қосымшалар) Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын тағайындайтын коэффициент қ о л д а н ы л а д ы " .

5. 11-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Азаматтарға жеке қосалқы шаруашылықпен, бақ өсірумен бақшалықпен айналысуға және саяжай үйлерін салуға қосалқы құрылыс салуға арналған жерлерді қоса есептегенде, берілген жерлер үшін жер салығын төлеу ставкасы 0,01 гектар жер үшін 20 теңге көлемінде тағайындалады.

6. 13-тармақтың соңғы сөйлемінің "есептесу" сөзі "декларация" сөзімен а у ы с т ы р ы л с ы н .

7. 14-тармақтағы "есептесу" сөзі "декларация" сөзімен ауыстырылсын.

8. 33-тармақтың 1-абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауылшаруашылығынан басқа мақсаттағы (шахталарды, карьерлерді қосқанда және олардың санитарлық, техникалық және басқа да зоналармен) елді мекен аумағында бірақ селитебті аумақтан тыс орналасқан жерлерге 112-бапта көрсетілген (Нұсқаулыққа N 4 қосымша), 70 процентке дейін азайтылған ставка бойынша салық салынады. Азайтудың нақтылы көлемін жергілікті өкілетті органдар тағайындайды".

9. VIII бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Айрықша қорғалатын табиғат аумақтарына жер салығы".

10. 41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Айрықша қорғалатын табиғат аумақтарының жерлеріне мемлекеттік табиғат, қорықтарының, оған биосфералық қорықтарды қоса, ұлттық табиғат парктерінің, дендрологиялық және зоологиялық парктердің, ботаникалық бақтардың, мемлекеттік табиғат заказниктерінің, табиғат ескерткіштерінің, орман резерваторларының жерлері жатады.

Бұл жерлердің құрамына, сондай-ақ айрықша экологиялық ғылыми, эстетикалық, тарихи-мәдени, рекреациондық және емдеу-сауықтыру мақсаттағы табиғат кешендері мен нысандарының жер учаскелері енгізіледі".

11. 42-тармақтағы "сауықтыру және рекреациондық мақсаттағы" сөзі "айрықша қорғалатын табиғат аумақтары" сөзімен ауыстырылсын.

12. 43-тармақтағы "сауықтыру және рекреациондық мақсаттағы" сөзі "айрықша қорғалатын табиғат аумақтары" сөзімен ауыстырылсын.

13. 60-тармақтағы "сауықтыру және рекреациондық мақсаттағы" сөзі

"айрықша қорғалатын табиғат аумақтары" сөзімен ауыстырылсын.

14. 61-тармақтың 2-абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Елді мекендердегі жалпы пайдаланылатын жерлерге алаңдар, көшелер, өткелдер, жолдар, жағалаулар, парктер, скверлер, бульварлар, су қоймалары, пляждар және халықтың қажеттерін қанағаттандыруға арналған басқа да нысандар орталықтандырылған және орналастыруға арналған жерлер жатады".

15. XIV-бөлім мынадай мазмұндағы 65-тармақпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша конверсияланатын нысандар орналасқан жерлер".

Төраға,

Салық қызметінің 1 дәрежелі

мемлекеттік кеңесшісі